

2015 жылғы 19 маусымнан шыға бастады

№27 (27)
18 ЖЕЛТОҚСАН
ЖҰМА
2015 ЖЫЛ

www.e-islam.kz



Islam

Республикалық рухани-ағартушылық газеті

ЕЛБАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіздік мерекесіне орай өткен салтанатты жиында барша қазақстандықтарды Ұлы дала елінің ұлық мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

«Құрметті қазақстандықтар! Баршаңызды Ұлы дала елінің ұлық мерекесі - Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын. Әрбір елдің жылнамасында оның жаңа тарихының бастауы болған тағдырқешті таңдар болады. Біз үшін жаңа дәуірдің арай таңы 1991 жылы 16 желтоқсанда атты. Сол күні әлем көгінде Қазақстан Республикасы атты мәңгілік жұлдыз жарқырай туды. Тұтас дәуірлердің куәсі болған халқымыз сан ғасырлар бұралаң әрі қиын жолмен жүріп өтті. Адам баласы сияқты мемлекет те өмірінде екі ғұмырлық босағадан

аттайды. Біріншісі - жарық дүниенің есігін ашу, екіншісі - ересек өмірдің табалдырығын басу. Екеуі де қайталанбас қастерлі мезеттер. Біздің Қазақстан – Ұлы Дала Елі, Жаңғырған Ұлы Дала Елі. Бұл біздің асқақ аңсарымыз әрі ерекше мақтанышымыз. Қазақстандықтардың болашақ ұрпағы біздің жетістіктерімізді лайықты бағалап, мақтан тұтарына еш күмән жоқ. Олар біздің тәжірибемізден даналықтың, сындарлы іс-әрекеттің және кез келген қиындықтың алдында иілмес беріктіктің үлгісін көретін болады» деді Н.Назарбаев.



ТӘУЕЛСІЗДІК - ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БАҒЫНА БЕРІЛГЕН АЛЛАНЫҢ НЫҒМЕТІ!

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Құрметті бауырлар, қадірлі отандастар!

Сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен өтіп, қиындыққа төзіп, сынаққа сабыр етіп, азаттықтың ақ таңын атырған халқымыздың қасиетті мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын!

Тәуелсіздік – қастерлі сөз. Халық нақылында: «Отан қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді», – деген қанатты сөз бар.

Аллаға сансыз шүкір, тәуелсіздігімізбен бірге дініміз өркендеп, бірлігіміз нығайды. Еліміздің әр өңірінде бой көтерген еңселі мешіттер мен медреселер жұртымыздың игілігіне қызмет етіп, иманды қоғам қалыптастыруға сүбелі үлес қосып келеді.

Ата-бабаларымыздың асқақ арманы мен асқақ рухының, иманға берік мұсылмандығының арқасында келген тәуелсіздік – дархан мінезді халқымыздың бағына берілген Алланың сыйы. Бір күнді тыныштықпен өткізу, үлкен үмітпен, ізгі оймен болашаққа қадам басу – мұсылманның нығметі. Осынау нығметтің қадіріне жетіп, тәуелсіздігімізді баянды ету – баршаға ортақ іс, абыройлы міндет. «Отан үшін күрес – ерге тиген үлес», – дейді халық даналығында. Бірде сахаба пайғамбарымыз Мұхаммедтен (Алланың Отан салауаты мен сәлемі болсын): «Уа, Расулалла, ең абзал амал не?» – деп сұрағанда, Алла Елшісі: «Шекараны, Отанды қорғау үшін бір күн, бір түн күзетте тұру...» деп жауап берген. Ал асыл



дініміздің ізгі ғұламалары: «Отанды сүю – иманнан», – деп парасатты пікір айтқан.

Алла Тағала тәуелсіздіктің қадірін білген, ізгілік пен имандылықты ту еткен жастарымыздың қатарын көбейтіп, баршамазға ел игілігі үшін еңбек етуді нәсіп етпей! Отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға береке, мықты денсаулық тілеймін!

Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын, ағайын! Жаратушы Иеміз қарияларымызға күш-қайрат, ұл-қыздарымызға ар-иман нәсіп етіп, халқымыздың бірлігі мен берекесін арттырғай! Дұғамыз қабыл, мұратымыз асыл болғай! Әмин!

Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

БОСҚЫНДАРМЕН БЕТПЕ-БЕТ



3-БЕТ

ЖАЛҒАН «ЖИҺАД» ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ



4-БЕТ

ЛОНДОН БАСҚОСУЫ ДІН ТҰТАСТЫҒЫН КӨЗДЕДІ

Таяуда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төраға орынбасары, наиб мүфти Серікбай қажы Ораз Лондон қаласында өтіп жатқан «Құндылықтардың ауысу шартындағы дін, тұтастық және саясат» атты XI Халықаралық мұсылмандар форумына қатысып, баяндама жасады. Форумға келген Түркия, Ресей, Еуропа, Таяу Шығыс, Африка елдерінің мүфтилері, ғұлама-ғалымдары әлемдегі діни ахуал туралы ойларын ортаға салып, пікір алмасты.

Араб, парсы, ағылшын, түрік, орыс тілінде өтіп жатқан басқосуға Қазақстанның атынан қатысқан Серікбай қажы Сатыбалдыұлы өз баяндамасында Орталық Азияның қалыптасқан

исламдық дәстүрлі ағарту мектебінің рөлін, ықпалын арттыру туралы ұсынысын жеткізді.

(Жалғасы 2-бетте).

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ: «ЕЛ МЕН ЖЕРДІ САҚТАУ ҮШІН БІРЛІК ҚАЖЕТ»

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстандағы биылғы жылдың басты қорытындылары жайында журналистермен бейресми әңгіме барысында мәлім етті.

Елбасы бұл сұхбатында еліміздің ішкі-сыртқы саясаты, руханияты мен мәдениетіне қатысты салмақты әңгіме өрбітті. Өзекті мәселелер арқау болған сұхбатты белгілі журналистер Бейсен Құранбек пен Ерлан Игісінов жүргізді.

Мемлекет басшысы бейресми әңгіме барысында руға, жүзге бөлінуге қатысты пікірін білдірді. «Қазақтың жүзге, руға бөлінгенін жақтамаймын. Біз – «ат төбеліндей» қазақпыз. Түріктер тәртізді 80 млн емеспіз, орыстар сияқты 140 млн емеспіз, миллиард та емеспіз. Еуропаның көптеген елдерінен азбыз. 11-12 млн-ға әрең жеткен қазақты қырық руға бөлетін болсақ, онда шашырап

кетеміз. Қазақты қалай жаулап алғандары Ресейдің тарихында, архивінде жазулы тұр. Қазақты руға бөліп, жүзге бөліп жеңгендерін тарихшылардың көпшілігі біледі. Қазақ біріккенде Анырақайда ең қауіпті жауына соққы берген. Қалай жеңді? Біріккенде жеңді. Ел болайық десек бірігу қажет. Жастар үшін болашаққа жол ашамыз десек, мұндай дерттен аулақ болуымыз керек» деп, Мемлекет басшысы зиялы қауым өкілдерін осы мәселеге назарға аударуға шақырды.

«Абайдың «Біріңді қазақ, бірің – дос, болмасаң істің бәрі бос» деген сөзі бар ғой. Осы сөзді әр ауылдың төріне жазып қою керек. Біз осы заманға, тәуелсіздігімізге өліп-өшіп, әрең жеттік. Тарихымызда еш уақытта мұндай заман болған жоқ. Менің айтатыным – бізді сырттан алатын жау жоқ. Бірлігіміз болса, қазақ ешкімге бой бермейді. Ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрі мен аманатты аман сақтап қалу үшін бірге болу міндет» деді Президент.

Осы аптада Мысыр мүфтияты Каир қаласында мұсылман елдеріндегі пәтуа шығару құрылымдарының басын қосып, заманауи-шариғи шешімдерді шығару мәселелеріне арналған халықаралық конференция өткізді. Әлемдік басқосуға шақырылған мұсылман мемлекеттерінің бас мүфтилері қатарында ҚМДБ төрағасы Ержан қажы Малғажыұлы қатысып, баяндама жасады.

ПӘТУАНЫ «КЕЗДЕЙСОҚ ҒАЛЫМДАР» БЕРМЕУІ ТИІС



«Бүгінгі таңда діни мәселелер туралы шешім шығаруда «кездейсоқ ғалымдар» көбейіп кетті. Біз, мұсылман үмбетінің мүфтилері бұған жол бермеуіміз керек. Соңғы уақытта бір мәселеге

қатысты әркілі пәтуа беру жағдайлары көрініс беруде. Сондай-ақ лаңкестердің іс-әрекеттерін ақтайтын пәтуалар да шығуда. Бұл – Ислам дініне жасалған қиянат, ашық шектен шығу»

деп мәлімдеді бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы.

Конференция барысында пәтуа шығару бойынша оқып-үйрену, тәжірибе алмасу академиясын құру, білікті мамандардан құралған пәтуа білгірлерін басқа елдерге шығарып, түйткілді мәселелердің шешімін көрсету, Ислам туралы теріс пікірлерді түзету, ондаған тілде шығатын ортақ пәтуа сайтын құру сияқты мәселелер талқыланды.

Конференцияға араб елдерімен қоса, Африка, Азия және Еуропадан, барлығы 22 мемлекеттен келген мүфтилер мен шариғат білгірлері қатысты.

ЛОНДОН БАСҚОСУЫ ДІН ТҰТАСТЫҒЫН КӨЗДЕДІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

«Жуырда біз Орталық Азия ғұламаларының форумын өткіздік. Тәжікстанның, Қырғызстанның бас мүфтилері, ғұлама-ғалымдары Орталық Азияның қалыптасқан исламдық дәстүрлі ағарту мектебінің рөлін, ықпалын арттыру туралы бастаманы бірауыздан қолдады. Өйткені, біздің тағдырымыз, тамырымыз, тарихымыз бір. Біртұтас мұсылман үмметін қалыптастыру, сан ғасырлық тарихы бар діни ұстанымды қайта жаңғырту туралы идея көпшілік қолдауға ие болды. Діни мектеп – кешенді жүйе. Тарихты қарасақ, кешегі әлемді дүркіреткен Атилла патшалығы небары 100 жылға созылды, Қазақ хандығы 400 жылға жуық өмір

сүрді, ал Хиуа хандығы Орталық Азияда 408 жыл үстемдік етті. Ал Бұхар хандығы 285 жыл ғұмыр кешкен. Алайда, тарихы тереңде жатқан діни құқықтық мектебіміз осы күнге дейін сақталып келді. Кеңес Одағы кезінде дәстүрлі дініміздің асыл құндылықтары жойыла жаздағанымен, тәуелсіздік алған жылдан бастап қайта қалыптаса бастады», – деп атап өтті наиб мүфти.

Серікбай қажы Ораздың баяндауынша, Қазақстандағы дін қайраткерлерінің мақсаты – Ислам өркениетінің қайта жаңғыруына қызмет ету, білімді, қабілетті, байсалды, заманның өзі талап етіп отырған бәсекеге төтеп беретін, жылт еткен ағымға алданып, оның соңынан ере бермейтін зиялы ортаны қалыптастыру, жастарды осыған тәрбиелеу.

ТӘУЕЛСІЗДІГІМ ҮШІН МЫҢ ТӘУБЕ!



Еліміз үшін маңызы зор, қадір-қасиеті мол Тәуелсіздік мерекесінің өзге мейрамдардан қашан да орны бөлек. Бұл – бабалар аңсап өткен, жолында жаны құрбан болған, ұлы күн. Әуелі әлемдердің Раббысы Алла тағаланың қазақ халқына шексіз мейірім-шапағатаның арқасында бұл күн бізге бақ боп бұйырды.

Халқымыз қашанда шүкіршілігінен айнымай, бұйырғанын бағалап, қадіріне жете білген. «Құдайсыз қурай да сынбайды» деген кемел иманды ұстанған қазақ халқының тарихта қиын-қыстау күн кешпеген, сүрінбеген, жығылмаған, мұңаймаған сәті аз. Сұрапыл соғысты да, азапты ашаршылықты да, қуғын-сүргінді де өткерді бастан. Бірақ, тізесі бүгілсе де, еңсесі еңкеймей, жігерін жанып, рухын асқақ ұстады. Бабалар аңсаған күн бізге осындай өткелдермен жетті.

1991 жылдың 16-желтоқсаны бостандықтың туын тіккен – Тәуелсіздік күні болып, Отанымыздың тарихына ілінді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бұл күннің шын бағасын: «Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Елдігіміздің сыналатын бір тұсы осы» деп берді. Ендігі міндет – бақыттың бағасына жетіп, қалтқысыз адал қызмет қылу, білім алу, еңбек ету, қоғамға пайдасын алу, осының барлығы бүліктен ада бірліктің, тыныштық пен татулықтың арқасында атқарыла мақ. Осы ретте мына Құран аяттары бізге өмірлік сабақ болғандай: «Алла сендерге бейбітшіліктегі жайбаракат бір кентті мысал етті: Оған әр тараптан мол ризық келуші еді. Ақырында, Алланың нығметіне қарсы келді (яғни, бейбітшілік пен ризық-нығметіне, Алланың нығметтеріне күпірлік етті). Сондықтан Алла оларға қылықтарының салдарынан ашаршылық және қауіп-қатердің тонын кідіріп, жапа тартырды» (Нахл: 112). Бейбітшілік нығметі, байқағанымыздай, кез келген елге беріле бермейтін ұлық нәрсе болғандықтан, шариғат тұрғысынан біздің шүкір етуіміз уәжіп болып табылады. Имам Мұслим жеткізген сахих хадисте Алла Елшісі (с.ғ.с.) былай дейді: «Алла сіздердің үш амалдарыңызға разы болады: Біріншісі, Аллага ғана құлшылық қылып, Оған еш нәрсені ортақ қоспауларың, (яғни, жалғыз

Жаратушымызға ғана жалбарынып, имандылықты ту етуіміз. Екіншісі, бүтіндей Алланың жібіне (яғни, дініне) жармасуларың. Үшіншісі, Алла сіздердің істеріңізді басшылыққа алу-ды нәсіп еткен басшыларыңызға кеңес беріп, шынайылық танытуларыңыз (басшыларымызға бағынуымыз қажет)». Алла тағала: «Әй мүміндер! Аллага бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған басшыларыңа бой ұсыныңдар» деп айтты. (Ниса: 59). Ал, Ибн Кәсир: «Анығын Алла жақсы білуші, жоғарыдағы аят, күллі басшылар мен ғұламаларды қамтиды» деп айтқан екен.

Қазіргі таңда көптеген халықтар бірлікті, басшыға бағынуды ту ете алмағандықтан, өз елдерін тонап, қиратып, ойран етуде. Мұның салдарынан сол мұсылман елдерінің әлеуметтік экономикалық ахуалы бірнеше жылға кері кетті. Мұндағы халық қауіп пен үрейдің, аштық пен қасыреттің кесірінен көршілес елдерді паналауға мүжбүр. Біле білсек, Қасиетті Құранның аяттары мен пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадистері ынтымақ, бірлік пен басшыға бағынуға шақырып, ту үстіне ту тігуден қайтарған. Бұл жалған өмір сынақ үшін берілгендіктен, кейбір қиыншылықтардың кездесуі заңды. Сол себепті, ілгергі ғұламалар: «Кейіннен өзін төзе алмайтын қиыншылыққа душар болмауың үшін, қазіргі төзе алатын, болмашы қиындыққа шыдап, сабыр сақта. Сонда, сабырлық бұданда бетер қиындықтың бетін қайтарады» деп өсиет еткен. Ғалымдарымыздың мұндай керемет кеңестеріне құлақ аспай жік-жікке бөлініп, басшыларына қарсы шыққан мұсылман елдерінің жағдайы бүгінде маз емес.

Біз кешегі тарихтың соқпағынан сүрінсе де, жығылмаған, дінін дәстүріне айналдырып, сенімін жоғалтпаған текті елдің тізгінін ұстап отырмыз. Шапқан тұлпардың тұяғы тозатын, ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр мекеннің мирасқорларымыз. Сондықтан да, ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздіктің қадір-қасиетін ең алдымен өзіміз ұғынып, оны ұрпаққа жеткізу – ұлы парыз. Еліміздің еңсесін түсірмей, өзге елмен тең ұстап, қаншама ұлттар мен этностардың басын қосып, бірлігі жарасқан, ұйымшылдыққа ұйған мемлекет құру, оны ұстап отыру оңай іс емес екені баршамызға мәлім. Бүгінгі тұрақтылық пен тыныштықтың, бейбітшілік пен бірліктің мекеніне айналған республикамыздың ең ұлық мерекесі Тәуелсіздік күні халық үшін ерекше күн, айрықша мереке. Әрбір ел азаматының жүрегінде осы күннің қадіріне жетіп, қастерлеу, Отанына деген сүйіспеншілік секілді сырлы сезім болуы керек. Алла бізді осы бірлігімізден ажыратпасын. Тәуелсіздігімізді баянды, құтты етсін!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының наиб мүфтиі

ХАЛЫҚ КІМГЕ СЕНЕРІН БІЛМЕЙ ҚАЛДЫ

Бүгінде әлем дертіне айналған ИШИМ ұйымы туралы БАҚ беттері жарыса жазуда. Себебі, содырлардың ұстанымы хақ исламның шарттарына мүлде сай келмегендіктен ғұламалар мен ғалымдар тарапынан қатаң сынға ұшырады. Аталмыш ұйым Сирия елінің тыныштығын бұзып, қаншама халықты босқынға айналдырғаны белгілі. Соның ішінде Түркияны паналап әрі содырлармен талай бетпе-бет келген сириялық Мұхаммед Хасан мен Жабир Салман есімді босқындар ИШИМ-ның шынайы бейнесі туралы «E-islam» оқырмандарына арнайы баяндап берді.

– Мұхаммед, бүгінде ислам дінін бұрмалаған содырлар туралы білмейтін жан жоқ. Осы ИШИМ Сирияға қалай келді? Алғашқы көріністері халық арасында қалай байқалды?

– Иә, осыдан бес жыл бұрын еліміз мұндай күйді бастан кешеді деп ешкім ойламаған еді. Себебі, Сирия көршілес елдердің ішінде алдыңғы қатардағы дамушы елдердің бірі еді. ИШИМ елге келмес бұрын халықтың арасында сәләфи бағытын жақтаушылар көбейе бастады. Әрине, мұндай бағыттағы насихат алғашында жасырын түрде жүзеге асты.

Негізі, ИШИМ-ның құрылуына сыртқы елдердің ықпалы болғаны ақиқат. Олай дейтін себебім, Сирия халқы бұған дейін ешбір ұйымның бас көтеріп, мұндай жағдайға дейін жеткізбеген еді. Бізде халықтың ауызбіршілігі жақсы деңгейде болатын. Мемлекет халықтың тыныштығын қатты қадағалайтын.

ИШИМ-нің бастауы ретінде сәләфилік бағыттың идеологиясы халық арасында кең тарағанын айтуға тиіспіз. Осындай идеологияның салдарынан жастар бөліне бастады. Бір-бірімен діни мәселеде келіспеушіліктер көбейді. Уақыт өте осындай келіспеушіліктер үлкен бүлікке айналып, халықтың тыныштығы қашты. Яғни, теріс идеологияның таралуына


сыртқы күштер ықпал етті.

– Бүгінде сириялықтар арасында ИШИМ содырларын қолдаушылар көп пе?

– Қазіргі уақытта Сирияда «ИШИМ содырларын қолдамаймын» деп немесе олар туралы жаман сөз айтуға халық қорқады. Себебі, халықтың өзі кімге сенерін білмейді. Егер, біреу ИШИМ туралы жаман айтса, оның сөзін ИШИМ-ге жеткізіп барушылар көп. Ал, ИШИМ-ді жамандағандар өз кезегінде азапталады немесе түрмеге қамалады. Сондықтан, әрбір адам олар туралы тіс жармауға тырысады. Демек, оларды қолдаймын немесе қолдамаймын деп ауызша айтудың өзі қауіпті. Мұндай шектеулер, әрине, ИШИМ орналасқан жерлердегі халыққа ғана байланысты.

– Мұхаммед, сіз өзіңіз ИШИМ содырларын көріп, олармен тілдескен кезіңіз болды ма?

– Алдымен ИШИМ содырларын екіге бөліп қарастырған жөн. Біріншісі, ИШИМ жетекшілері, екіншісі, оның әскерлері. Жетекшілермен кездесу мүмкін емес, себебі олар халықтың алдына көп шыға бермейді. Ал, ИШИМ әскерлерін күнделікті көшелерде көруге болады, әсіресе, елдің шығысында орналасқан қалаларда көп.



Мұндай әскерлермен жеке кездесіп, олармен бірнеше сағатқа созылған отырыс өткізген күндеріміз де болды. Бүгінде олардың бетіне «ИШИМ» деп ешкім айта алмайды. Себебі, олар өздерін «Ислам мемлекеті» деп атағанды жөн көреді.

Осындай ИШИМ содырлары қазіргі таңда Сирияда өз саясаттарын жүргізу арқылы көптеген халыққа зиян тигізуде. Бұрын қызмет еткен жұмыс мекемелер жабылды, қоғамдық қызметтер тоқтатылды, мектеп, медреселер солардың идеологиясы бойынша сабақтар жүргізеді. Олармен санаспаған кез келген адам қудаланады. Қысқасы, қазір Сирияда ИШИМ заңдылығымен жүретін күн туды. Ал, мұндай заңдылықпен жүргісі келмейтіндер ел асып, жер

асып, біз сияқты қоныс аударып кетеді.

– Бүгінде исламның ең қауіпті дұшпаны – надандық, білімсіздік. Санасы уланған жастар туралы не айтасыз?

– Қазір мұсылмандарда күш, әскер, қару-жарақ, жер және барлық табиғи байлықтар бар. Бірақ, соңғы кезде мұсылмандарда білім жағы ақсаңдап барады. Осыны пайдаланған сырт елдер надан мұсылмандарды пайдаланып, өзімізге қарсы қойып жатыр. Қазір бұрынғыдай әскер жіберіп, елді, жерді жаулап алу деген жоқ. Тек надан мұсылмандарды пайдаланып, олардың санасын улап, өз халқына қарсы қою әдісі жүріп жатқан заман.

Жастар ақ пен қараны ажыратып, дұрыс исламды тану қажет. Ол үшін ең алдымен кімнен білім аласың, соған қарау керек. Осындай дұрыс бағыттағы білімді алғаннан кейін ғана өмірлік шешімдерді қабылдау кез келген адамды дұрыс бағытқа жетелейді.

Қазіргі жастардың эмоциялық әрекеттері ешқашан адамды жетістікке жетелемейді. Барлығын ақылдың таразысына салу керек. Ашуға берілмеген жөн. Бұл жайында Али ибн Әбу Талиб былай деген: «Кімде-кім ашуланса, өкініште қалады, егер өкінібесе, ол – ақылынан адасқан адам».

Бүгінде ешбір жерде жиһад жоқ. Егер болса Алланың ризашылығына кенелу үшін, мен бірінші болып сол жерге барар едім. Сондықтан қазіргі заманда біздер – мұсылмандар, әсіресе, жастар үшін ең үлкен жиһад, ол – білім жиһады. Білімге қол жеткізу арқылы ғана мұсылмандардың болашағы жарқын болатынына кәміл сенемін.

Жабир САЛМАН:

СОҒЫСТАН БАҚЫТ ІЗДЕП КЕЛГЕНДЕРДІҢ САНАСЫ УЛАНҒАН

– Жабир, сіз де Мұхаммед секілді ИШИМ әскерлерімен кездескен боларсыз. Кездескен сәтте олардың бойында қандай өзгерістер байқадыңыз? Олардың білім деңгейі қандай екен?


– ИШИМ содырлары басқа мұсылмандардан қашанда өздерінің ашушандығымен танымал. Олар өздерін басқалардан өркөкірек санап, ешкімді менсінгісі келмейді. Өздерімен санаспағанды – дұшпан тұтады. Олармен кездесіп, діни мәселеде сөйлескенімде, ешкіммен санаспайтын қасиеттерін байқадым. Қанша жерден дәлел-дәйектермен айтсаң да, олардың саналары өзгенің қабылдамайды. Қолдан құрастырып, санасына бағдарлама орнатып тастаған робот іспетті.

Бір байқағаным, оларға исламды бұрмалап, теріс насихаттаудың салдарынан олардың білім деңгейі сол шеңберде ғана қалыптасқан. Сондай-ақ,

бірбағыттылықты ғана байқауға болады. Яғни, біреуден білім алма деген секілді ұстанымдары бар. Мұндай ұстанымдар көбіне сәләфи бағытын ұстанушыларда кездесетіні анық. Және олардың басым көпшілігі шетелдік азаматтар. Бір білетінім, Сирияға келмес бұрын олардың саналары уланып келген. Өйткені, санасы дұрыс қалыптасқандар мұнда келіп өтірік бақыты соғыстан, өлімнен іздемейді.

– Сөзіңізде шетелдік азаматтар дедіңіз, олардың ішінен ұлты қазақтарды байқамадыңыз ба?

– ИШИМ қатарында әр түрлі ұлттан



жиналған азаматтар көп. Сондықтан олармен кездескенде мен олардың ұлтын немесе қай мемлекеттен келгенін сұрамайтын едім. Олардың шетелдік екені белгілі болатын.

– ИШИМ қатарына қосыламын деп адасқан жастарға не айтасыз?

– Біріншіден, Алла жолында өлу мен Алла үшін өмір сүру деген бар. Алла үшін өмір сүру Алла жолында өлуден алдын тұрады. Себебі, Алла үшін өмір сүру ол исламға қызмет ету, бар мүмкіндігінше исламды дұрыс насихаттау деген. Сондықтан, өлім арқылы ешкім дінге пайдасын тигізе алмайды. Құранда «Менің намазым, құлшылығым,

өмір тіршілігім және өлімім бүкіл әлемнің Раббысы Алла үшін» делінген. Яғни, бұл аятта Алла тағала өмір тіршілікті өлімнен алдын қойып, өмірдің өлімнен маңызды екенін білдіріп тұр.

Екіншіден, барлық БАҚ беттері, ғаламтор, әлеуметтік желілер мен телеарналарда көрсетілетін діни насихаттың барлығы бірдей дұрыс бағытта емес екендігін ажырата білу керек.

Үшіншіден, адам өз-өзін бағалай білу керек. Адамға бір-ақ рет берілетін өмірде нақты мақсатың болу керек. Егер ол мақсатың өлімді аңсап, біреудің шокпары болғын келсе, онда саған берілген өмірдің мәні жоқ. Ал, егер өмірдегі мақсатың қоршаған ортаға қызмет етіп, біреуге зиянды тигізбестен Жаратушының ризашылығын көздеген болсаң, онда сенің өміріңнің мәні бар деген сөз.

Бүгінде өкінішке қарай, жиһад іздеп жүрген ИШИМ қатарындағы жастар өзінің емес өзгенің мақсатын жүзеге асыруға атсалысып жүргенін аңғармайды.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбатты жүргізген, дінтанушы –
Жалғас АСХАТҰЛЫ

Бүгінгі таңда Ирак және Шам аумағынан «Ислам мемлекетін» жариялаған, дүниенің түкпір-түкпірінен жиналған адамдардан тұратын бір топтың үнқатуларына құлақ асып, алданып жатқан жастарды, олардың көз жасын көл қылған ата-аналары мен жәудіреп артында қалған әйел, бала-шағаларын көргенде, еріксіз көзге жас келеді. Мұндай маңызды амалдар (жиһад) Алла және Оның Расулы үйреткендей, ілім иелерінің батасымен және әмір иелерінің бұйрығымен болатындығын ескермеген жастардың сауатсыз әрекеттерінің кесірінен бүтін бір ел алпауыт мемлекеттердің қару-жарақтарын сынайтын алаңға айналды. Қаншама әйел – жесір, бала жетім қалды. Шамнан Еуропаға ағылған босқындар өздерінің діндерінен бас тартып, христиан дінін қабылдауда.



ЖАЛҒАН «ЖИҺАД» ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

«Данышпан Абайдың өзі "Баламды медресеге біл деп бердім" дейді. Яғни, ақ пен қараны ажырата алатын, обал-сауапты білсін, Отанына – адал, жанұясына – мейрімді, уәдесіне – берік, жауына – қатал-қатты, көзі – ашық, көкірегі ояу болсын деген мақсатпен берген. Ендеше, біз қоғамдағы қаңқу сөздерге ере берместен, баланың рухани сұранысы пайда бола бастағаннан мамандарға апарып, сұраныстарын дәстүрлі бағытпен қанағаттандыруымыз қажет болады.

2011 жылғы "Ислам ынтымақтастығы ұйымының" мәліметі бойынша, Сирия дүние ислам ғұламаларының 33 пайызы шоғырланған құтты мекен еді. Бүгінде бұл ел кім көрінген билік қылған, бағыты мен бағдары белгісіз, әділетсіздік пен ажалдың мекеніне айналып отыр. Сирияның бүгінгі сикына қарап, "Бұл Муавия ибн Абу Суфиян және оның ұлы әскері өмір сүрген атакты шаһар" деп айту өте қиын. Өкінішке қарай, тарихтан аты мәшһүр қасиетті Шам жерін бүгінгі мұсылман үмметі осындай орны толмас қайғылы күйге жеткізді. Осы көзсіз әрекеттерді және ол жердегі алауыздық пен жауыздықты көре тұра, біздің де еліміздің азаматтары жалған насихаттарға еріп, аттануы тағы қынжылтады.

"Білекті – бірді, білімді мыңды жығар". Бүгінде ислам үмметін құтқарудың ең басты жолы – ілімді дамыту. Сонау Харун Рашидтің заманындағы мұсылмандардың ілімділігіне ұмтылуымыз қажет. Шамдағы өздерін мүштаһид санап жүргендердің де сипаттары мен жауыздық әрекеттері күмән туғызатыны жасырын емес. Әли Ибн Абуталибтен жеткізілген бір хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: "Сендер қара туларды көргенде өздеріңді жерде ұстандар, аяқтарың мен қолдарыңды қимылдатпандар. Соңынан

ешкім көңіл бөлмейтін өте әлсіз адамдар шығады. Олардың жүректері қатты темір секілді болады және олар мемлекет құрады. Олар сөздерінде тұрмайды және келіскендерін де орындамайтын болады. Олар адамзатты ақиқатқа шақырады, бірақ өздері ақиқатта болмайды. Олар өздерін лақап есімдермен атайды, ол лақаптары қалаларға байланысты болады. Олар шаштарын әйелдердікіндей ұзын етіп өсіреді. Соңынан олар өздері арасында таластартысқа түседі. Міне, сонда қалағандарға Алла ақиқатты ортаға шығарады". Бұл хабарды Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) берерге айтқан жоқ. Біздерді осындай жалғаншылардың идеясынан сақтандыру мақсатында, үмметінің жанын, малын және арын аман сақтап қалу мақсатында айтып кеткен.

"Сендер қара туларды көргенде өздеріңді жерде ұстандар" – яғни, нәпсіге, сезімге беріліп кетпей, сабырлы болындар деген-ді. "Аяқтарың мен қолдарыңды қимылдатпандар" – қолға қару алып шаба бермендер, бұл ұранның анық-қанығына жетіп алмай әрекет жасамаңдар деп ескертіп отыр. "Соңынан ешкім көңіл бөлмейтін өте әлсіз адамдар шығады" – расында, алғашында «Халифат» құрылыпты» дегенде оған ешкім мән бермеген болатын. "Олардың жүректері қатты темір секілді

болады" – бүкіл дүниені өзіне қарату үшін өздерінің жасаған жауыздықтарын жарнамалай бастады. Естеріңізде болса, кішкентай балаларға адамдарды өлтіргізіп, адамдардың бастарымен футбол ойнап, тірі адамдарды тордың ішінде өртеп, жауыздық әрекеттерін бүкіл дүниеге паш етті. Бірақ біз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өмірбаянынан ол қатысқан жирмадан астам жорықты жақсы білеміз. Алланың Елшісі (с.ғ.с.) ешқайсысында мұндай жауыздық жасаған емес, керісінше, "Әйелдерді, балаларды, қарттар мен ғибадат үйіндегілерді өлтірмендер" деп бұйырған. "Олар мемлекет құрады. Олар сөздерінде тұрмайды және келіскендерін де орындамайтын болады" – әлеуметтік желі арқылы жастарды алдап-арбап шақырып, қолдарындағы ақшаларын, керек болса әйелдерін де тартып алып, өздерін құл етіп қояды. Бұл туралы ол жақтан қайтып келгендердің және босқындардың сұхбаттарын күнде хабардар болып келеміз. "Олар адамзатты ақиқатқа шақырады, бірақ өздері

«Бүгінгі таңда Алла үшін ілім алу нағыз жиһад болып табылады. Өйткені, халықтың діни сауатын көтеруге тырыспасақ, бізге кім көрінген ұстаздық ететін болады. Өкінішке қарай, қазір баласы дінге бет бұрған ата-ана оның намазын тастатуға тырысады. Түсінеміз, олар баласын ағымға кіріп, Отанына қарсы шығатын адам бола ма деп қорқады. Бірақ баланы діннен қайтарумен оны сол ағымның қолына өздері беретіндігінен бейхабар. Мұндай қаншама отбасы бар?..

ақиқатта болмайды" – Құрандағы соғысқа қатысты аяттарды оқып, әділдіктер туралы аяттарды қамтып қояды. "Олар өздерін лақап есімдермен атайды, ол лақаптары қалаларға байланысты болады" – мысалы, Әл-Бағдади, Әш-Шаами, Әш-Шишани, Әл-Ирақи, Әт-Турки секілді.

Бүгінгі таңда Алла үшін ілім алу нағыз

жиһад болып табылады. Өйткені, халықтың діни сауатын көтеруге тырыспасақ, бізге кім көрінген ұстаздық ететін болады. Өкінішке қарай, қазір баласы дінге бет бұрған ата-ана оның намазын тастатуға тырысады. Түсінеміз, олар баласын ағымға кіріп, Отанына қарсы шығатын адам бола ма деп қорқады. Бірақ баланы діннен қайтарумен оны сол ағымның қолына өздері беретіндігінен бейхабар. Мұндай қаншама отбасы бар?.. Ата-анасын күпірлікпен айыптап, баласы үйінен кетіп қалған. Себебін сұрасаң, "Менің әкем кәпір, өйткені, ол намаз оқымайды және үйде ешкімге оқытпайды да. Мен оларды емес, Алланы жақсы көрем" деп өкініш білдіреді. Аз уақыттан кейін сол баланың ағымдардың жетегінде жүргенін көресің. Біз ата-ана болған соң, ұрпақтың ішіп-жемі мен киіміне жауапты болғанымыз сияқты, олардың адамгершілік және рухани тәрбиесіне де жауаптымыз. Біздің атеизмде өмір сүргеніміз, сол уақытта тәрбиеленгеніміз Мақшар сотынан арашалап қалмайды. Бүгінгі таңда ұрпақтың рухани сұранысын қанағаттандыру да біздің басты міндетіміз. Данышпан Абайдың өзі "Баламды медресеге біл деп бердім" дейді. Яғни, ақ пен қараны ажырата алатын, обал-сауапты білсін, Отанына – адал, жанұясына – мейрімді, уәдесіне – берік, жауына – қатал-қатты, көзі – ашық, көкірегі ояу болсын деген мақсатпен берген. Ендеше, біз қоғамдағы қаңқу сөздерге

ере берместен, баланың рухани сұранысы пайда бола бастағаннан мамандарға апарып, сұраныстарын дәстүрлі бағытпен қанағаттандыруымыз қажет болады. Сонда ғана ағымдардың жалған көзқарастарынан түбегейлі құтыла аласыз.

Төлеген ТАЛДЫБАЕВ,
дінтанушы

АЛЛА АЛДЫНДАҒЫ ХАЛАЛ АМАЛДАРДЫҢ ЕҢ ҰНАМСЫЗЫ - ТАЛАҚ!

Ислам, оның ішінде қазақ қоғамы, жалпы мұсылман әлемі әрқашан отбасы беріктігімен ерекшеленген еді. Отбасы құндылықтары – барша мұсылмандар қастерлейтін ұғымдар. Ілуде біреу болмаса, оның өзінде перзент сүйе алмау сияқты себеп болған жағдайда ғана отбасы ажырасып жатады. Қазіргі уақытта осы құндылығымыздан сәл де болса алшақтай бастағандаймыз. Мұсылман бауырларымыздың естеріне осы құндылықтың қадірін салу мақсатында бұл мақаланы жазып отырмыз.

Ислам шариғатындағы неке мен талақ үкімдері және қазақ халқының салт-дәстүріндегі үйлену мен ажырасу жоралғылары біте қайнасып жатқан дүние. Яғни, шариғаттағы неке мен талақ үкімдері қазақ салт-дәстүрінде көрініс тапқан. Сөзімізді тарқатып айтатын болсақ.

1. Неке мен талақ қастерлі, маңызды ұғым; Мұхаммед пайғамбар () үйлену және ажырасу мәселесіне селқос қарауға болмайтындығын ескерткен. Алла елшісінің (с.ғ.с.) «Үш нәрседе қалжың жүрмейді. Ол мәселелердің қалжыңы да байсалды жауап ретінде қабылданады:

«Қазақта «Ері әйелін сыйласа – ердің бақыт тапқаны, Ерін елі сыйласа – әйел бақыт тапқаны», «Өз жарыңды жаттай күт – жат көрсін де түңілсін. Бір-біріңді қадір тұт – жұрт үлгі алсын, үңілсін» деген мақалдар қаншама.

неке, талақ және ражға (талақтан бас тартып, әйелін қайтарып алу)» деген мағынаны беретін хадисі осыған дәлел (Әбу Дауд, әт-Термези, сахих хадис). Бұл адам тағдырына, болашағына қатысты мәселе болғандықтан, оған селқос қараудан қайтарған.

Ал қазақта «үйлену оңай, үй болу қыйын» деген сөз бар. Яғни үйлену деген бас қосу ғана емес, одан кейінгі ерлі-зайыпты өмір сүру кезіндегі кедергілерге төзу, жеңе білу дегенге саяды. Бұл тақырыпқа тек байсалды түрде келу керек. Ол қалағанның ермегі емес.

2. Өмірлік жарын таңдау; Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) «Ұрықтарыңа жақсысын таңдаңдар, тең келетінге үйленіңдер және сол сияқтыларға қыздарыңды беріңдер»[1], «Балаңды қай текке салатынына қара. Себебі қан – тыңшы» деген[2] хадистері бар.

Қазақта «анасын қарап қызын ал», «тең теңімен, тезек қабымен» және «қанына тартыпты» деген накыл сөздер бар. Бұл мақалдар жоғарыдағы Алла елшісінің (с.ғ.с.) хадистерімен үндесіп жатыр.

Осы хадистен және мақалдардан түйетініміз, адам үйленердің алдын, өзіне лайықты жар таңдау керек. Адамның өзімен өскен ортасы, діни түсінігі, ділі, әдет-ғұрыптары ұқсас адамды таңдауы болашақ отбасының беріктігінің бір себепшісі болуы мүмкін.

3. Жарының кемшіліктеріне шыдау, сабыр сақтау. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) әйел адамның нәзік жаратылғандығын, қыйсық жаратылғандығын талай ескерткен. Оның бойындағы кейбір кемшіліктерге көңілің толмаса, оның жақсы жақтарын еске алу керектігін бізге өсиет етіп кеткен. Мысалы, имам әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.): «Әйелдерге жақсы қараңдар. Өйткені әйел заты қабырғандан жаратылған. Ал қабырғаның ең қыйсық жері – жоғарғы жағы. Егер

оны түзеймін десең, сындырып аласың. Ал тиіспей қойсаң, сол қыйсық күйінде қалады. Сондықтан әйелдерге жақсы қараңдар», – деген. Алла елшісінің (с.ғ.с.) бұл хадисі әкеге, ағаға, ініге, күйеуге, яғни барша еркектерге арналған. Кез келген еркек әйел адамды құрметтеу керек, оның кемшіліктеріне шыдау керек. Бұл Алла елшісінің (с.ғ.с.) өсиеті!

Қазақта «Ері әйелін сыйласа – ердің бақыт тапқаны, Ерін елі сыйласа – әйел бақыт тапқаны», «Өз жарыңды жаттай күт – жат көрсін де түңілсін. Бір-біріңді қадір тұт – жұрт үлгі алсын, үңілсін» деген мақалдар қаншама.

Бұл мақалдар да Алла елшісінің (с.ғ.с.) өсиетімен астарласып жатыр.

Ислам тәлімдерімен сусынған дана халықтан жоғарыдағыдай мақалдар қалған. Шарифатты өмірлік ұстанымы еткендіктен қазақ халқында неке қастерлі ұғым болған. Сондықтан, қазақ халқында ажырасу өте сирек кездескен. Ері әйелін әлпештесе, әйелі ерін сыйлаған. Бір-бірінің кемшілігін жасырған, елге жаймаған. Ер мен әйелдің арасындағы түсініспеушілікке үшінші бір адам тек зәру кезде ғана араласқан. Оған төмендегі мақалдарда дәлел болар: Ерлі-қатын ұрысар да керісер, керісер де келісер; Ерлі-зайыптының ортасына есі кеткен отырар.

Ислам дінінде неке және талақтың үкімдері мен мәселелеріне намаз және ораза сияқты құлшылықтардың үкімдері мен мәселелеріне қарағандай қараған. Ғалымдар фикһ ілімінің «ахуал шахсияға»

«Намазхандар арасындағы ажырасу көп жағдайда екінші әйел тақырыбымен де байланысты. Көтере алмайтын шоқпарды беліне байлап, «екінші алу – сүннет» деп шапқылағандар, ақыр соңында сол шоқпардан таяқ жеп жатады. Өзі ғана опық жесе жақсы ғой, алайда сол таяқтың ащылығын соры құрыған әйел және сол некеден дүниеге келген бейкүнә сәбилер тартып жатады.

деп аталатын арнайы бір саласын неке, талақ, бала емізу сияқты адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселелеріне арнаған.

Фикһ кітаптарындары неке терминіне берілген анықтамаларды қорыта келе «неке» сөзіне былайша анықтама беруге болады: неке – ер мен әйелдің Аллаһтың халал еткен жолымен отбасын құруы.

Неке мен талақ мәселелері ер мен

әйелдің арасындағы қарым-қатынас қана емес, ол екі әулет арасындағы да қарым-қатынас болып табылады. Сондықтан екі адамның ер мен жұбайы атанулары үшін қыз тарапынан уәли мен осы некені растайтын екі адам, яғни куәгер болу керек. Әйелдің құқықтары сақталу үшін оның қалыңмалы (мәһри) белгіленеді. Той жасалып, елге екі адамның бір отбасы болғанын жариялайды. Бұл қоғамда әлгі екі адамның қарым-қатынасы шариғатқа негізделгендігін білдіреді.

Ислам шариғатында да қазақ салтында да ажырасу да тек екі адамның ғана проблемасы емес. Үйлену сияқты ажырасуда екі әулеттің ортақ проблемасы.

Қазақта мынандай ғұрып бар. Егер ерлі-зайыптылардың бірге өмір сүрулерінің түсініспеушілік себебінен берекесі кететін болса, екі жақтан сол әулеттің сөзі өтер, сыйлы кісілері жиналып, ерлі-зайыптылардың арасындағы мәселені шешуге тырысады. Қазақ салтындағы осы ғұрып Аллаһ тағаланың «Ниса» сүресінің 35-аятындағы «Егер, екеуінің арасының ажырауынан қорықсандар, ердің туысынан бір төреші, әйелдің туысынан бір төреші жіберіңдер. Егер екеуі расымен татулықты қалайтын болса, Аллаһ ол екеуінің арасын жарастырады. Ақиқатында, Алла Білуші һәм Хабардар» деген үкіммен амал ету емей не?! Бұл қазақтың шариғатпен өмір сүргендігінің бір дәлелі десе де болар.

Егер шариғаттағы талақ мәселесіне қарасақ, оның үкімдерінің өте қиын екендігіне көз жеткіземіз. Алдымен ажырасудың алдын алу. Оған жоғарыда келген аяттағы ерлі-зайыптылардың арасындағы түсініспеушілікті ажырасуға жеткізбей шешу үшін екі тараптан адамдар жиналып, отбасыны сақтап қалу мақсатында келіссөздер өткізу керектігі дәлел. Осы үкім қазақ дәстүрінде бар.

Екі тарап ортақ мәмілеге келе алмаған жағдайда, талақ беруге рұқсат етіледі. Бірақ талақтың өзі бірнеше кезеңдерден тұрады. Алдымен әйелдің туһр (хайыздан тазарған кезі) кезінде болғанын күтеді. Туһр уақыты болғанда бір рет талақ жасалады. Одан кейін идда мерзімін күтеді. Ол үш хайыз өтуімен есептеледі. Осы аралықта олар төсек қатынасына түспеу керек. Егер төсек қатынасына

талақтан кейінгі мерзім ішіндегі үкімдер жүреді. Егер, осы мерзімнен кейін де ажырасуға бел буған болса, үшінші рет талақ жасап, ерлі-зайыптылар ажырасады. Ажырасу барысында әйелдің барлық құқықтары сақталады. Екеуінің ортақ балалары болса, олардың нәпакасы әкесіне жүктеледі. Алла елшісінің (с.ғ.с.) үйреткен талақ жасау кезеңдері осылай орындалуы тиіс. Сонда ғана адам сүннетке сай талақ жасаған болып табылады. Біз талақтың орындалу процесін қысқаша сипаттап қана өттік. Шын мәнінде, талақ біз сипаттағаннан да терең, қыйын үлкен жауапкершілікті талап ететін мәселе.

Қарап отырсақ, ажырасу немесе талақ жүрдім-бардым шешілетін мәселе емес екен. Талақ жасау процесі бірнеше айға созылуы мүмкін.

Кез келген діни тақырыпты бүгінгі күнмен байланыстыру, ол тақырыптың өзектілігін, маңыздылығын айқындайды. Бұл мақаланы намазхандар арасындағы, әсересе, сүннетпен жүреміз дейтін жастар арасындағы талақ мәселесімен байланыстырамыз. Себебі, осы мақаланың жазылуына солардың сүннетке қайшы әрекеттері түрткі болған еді. Неке мен талақ мәселесін бүгінгі күнімізбен байланыстыратын болсақ, бізді қынжылтатын тұстары көбірек болып шығады.

Құран аятындағы үкімнен де, қазақ дәстүрінен де бейхабар кей намазхан жастар «неке мен талақ» мәселесіне жеңіл қарайтын болды. Бүгін үйленіп, ертең ажырасып жатады. Біздің ойымызша, намазхан жастардың арасындағы ажырасудың жиі орын алуы әу бастағы некенің сүннетке де, дәстүрге де сай орын алмауында. Асылы, некен қыздың әкесінің, ол болмаса ағасының не еркек тусықанының рұқсатымен қыйылады. Сонда қыздың құқығын талап ететін, қарындасын не қызын қор қылуға жол бермейтін арқа сүйер жанашыр ер адамның бар екенін білетін еркек те ол жарын ермекке талақ ете алмайды. Ал қазіргі жағдай қалай? Қарындастарымыз «Намазхан емес ата-ана намазхан қыздарына уәли бола алмайды» деген мағынадағы дүмше пәтуаларды желбіретіп тұрмысқа шығады. Оның салдары «күйеуден қайтқан» деген атқа алып келеді.

Намазхандар арасындағы ажырасу көп жағдайда екінші әйел тақырыбымен де байланысты. Көтере алмайтын шоқпарды беліне байлап, «екінші алу – сүннет» деп шапқылағандар, ақыр соңында сол шоқпардан таяқ жеп жатады. Өзі ғана опық жесе жақсы ғой, алайда сол таяқтың ащылығын соры құрыған әйел және сол некеден дүниеге келген бейкүнә сәбилер тартып жатады. Екінші алу – сүннет. Бірақ бұл сүннетті орындаудың шарттары бар. Сол шарттарды орындауға шамасы келетінге ғана екінші алу – сүннет болады. Жалпы, бұл тақырып төңірегінде талай жаға ұстатар оқиғалар орын алып жатқандығына ел куә. Ол басқа мақаланы немесе мақалаларды талап етеді. Сондықтан осымен тоқталамыз.

Сөзімізді «Неке – ер мен әйелге қосымша міндеттерді жүктейтін аса маңызды пайғамбарлар сүннеті» деген сөзбен аяқтағымыз келеді.

Рашид МҰХИТДИНОВ,
исламтанушы



ЦУКЕРБЕРГ МҰСЫЛМАНДАРҒА ҮНДЕУ ТАСТАДЫ

Батыс еліндегі мұсылмандарға деген теріс көзқарастардың өршуіне наразылығын білдірген «Facebook» әлеуметтік желінің негізін салушы Марк Цукерберг мұсылмандарды қолдап оларға үндеу тастады.

«Мен «Facebook» желісін қолданушы мұсылмандар үшін өте қуаныштымын. Алдағы уақытта мұсылмандардың құқын қорғауға байланысты осы әлеуметтік желіде арнайы бірігіп күресетін боламыз. Біз өз сенімімізді шайқалтпауымыз керек. Егер біз бір-бірімізбен мықтап ұстанып, бірігетін болсақ, онда әрбір адам үшін жақсы өмір салтын қалыптастыра аламыз» деді Марк Цукерберг.

Атап кетсек, «Facebook» әлеуметтік желісі 2004 жылы құрылып, бүгінде қолданушылар саны 1,5 млрд шамасына жеткен.

АНТИТЕРРОРЛЫҚ ИСЛАМ КОАЛИЦИЯСЫ ҚҰРЫЛДЫ

Антитеррорлық ислам коалициясын құрылғаны жайында Сауд Арабиясы билігі мәлімдеді. Әскери коалицияға енген 34 ел ислам әлеміне қауіп төндіруші терроризмге қарсы күрес жүргізуде күш біріктіремек.

Коалицияның командалық орталығы Сауд Арабиясы астанасы эр-Рияд қаласы болып бекітілді. Бұл ұйым қатарына Египет, Түркия, Ливия, БАӘ, Катар, сондай-ақ, Иордания, Пәкістан, Бахрейн, Бенин, Чад, Тунис, Сенегал, Бангладеш, Судан, Сьерра-Леоне, Того, Сомали, Гвинея, Союз Коморских Островов, Габон, Джибути, Кот-д'Ивуар, Кувейт, Мальдивия, Марокко, Мавритания, Нигер, Ливан, Нигерия, Мали және Малайзия елдері кіреді.



Мұхаммед ӘЛИ:

ИСЛАМ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ



Әлемге әйгілі боксшы Мұхаммед Әли соңғы кездері АҚШ-тағы мұсылмандарға қарсы саяси көзқарастардың белең алуына наразылығын білдірді, деп хабарлайды reuters.com.

«Біз мұсылмандар бай біреулердің өздерінің саяси көзқарастарын пайдаланып Исламға қарсы келулеріне тосқауыл бола білуіміз керек. Ислам кез келген зорлық-зомбылыққа қарсы және Исламды дұрыс халыққа жеткізу үшін саяси тұлғалар дінге кір тигізбей керісінше оны дәріптеуге атсалысу керек» деді боксшы.

КАНАДА БОСҚЫНДАРДЫ ҚҰШАҚ ЖАЯ ҚАРСЫ АЛДЫ



Сириялық босқындардың алғашқы ұшағы Канадаға қонды. Бұл күн соғыс зардабын шеккен босқындар үшін қуанышты сәттердің бірі болды.

Торонто әуежайында 163 адамнан тұратын алғашқы босқындар тобын Канада премьер-министрі Джастин Трюдоның өзі қарсы алды.

«Біз бұл күнді ұмытпаймыз» дейді Д.Трюдо босқындармен кездесу кезінде. Ал бейбіт қоғамға табаны тиген сириялықтар көңілдері тыншығанын айтып, құшақ жая қарсы алған елге разы көңіл білдірді.

Министрлер кабинетінің мүшесі Джон Мак Коллум Канада үкіметі жыл соңына дейін 10 000 босқынды қабылдап алуды жоспарлап отырғанын жеткізді. Ал ақпан айының соңына дейін тағы 15 000 сириялық келеді. Жыл басынан бері Канада 3 500 адам қабылдаған.

Айта кету керек, Канада өзінің заңнамасы мен менталитетіне сәйкес Таяу Шығыс, Азия мен Африка елдерінің босқындары үшін «арман елі» аталып кеткен.



БРИТАНДЫҚ ЖАС ЖҰБАЙЛАР ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЭСТАФЕТАСЫН ЖАЛҒАСТЫРДЫ

Қалыптасқан үйлену тойы рәсімінен бас тартқан кезекті жас жұбайлар той қуанышын босқындарға арнады. Мұндай мағыналы дәстүрді алғаш рет Түркияда отау құрған жұп көтеріп, 4 000 сириялық босқынға дастархан жайған еді.

Ізгілік эстафетасын Канаданың Торонто қаласы тұрғындары жалғастырды. Торонтолық жұбайлар тойларын өте қарапайым ғана өткізіп, ал тойға деп жиылған қаражатты сириялық босқындар ісімен айналысатын қайырымдылық ұйымына өткізді.

Келесі кезекті ұлыбританиялық жұп жалғастырып, олар интернет арқылы босқындарға қаржы жиюмен айналысты. Ал өздерінің бал айларын Кале француз қалашығындағы босқындар лагерінде өткізді. Өз ісінің көптің назарын аударатынын білмеген Мона Доул былай дейді.

«Біз лагерде кездестірген адамдар қазір соғыс жүріп жатқан елдерден келді. Олар жай ғана босқын емес, олар шын мәнінде тағдыр ауыртпалығын басынан өткергендер. Олар – көмекке зәру. Біз босқындарға бір көмегімізді жасасақ деп ниеттендік. Сосын қаржы жинау кампаниясын құрдық. Нәтижесінде, өзіміз ойлағаннан да көп қаржы жиылды. Бастапқыда біз 500 £ фунт қана жиылса деп ойлағанбыз, ал бірақ 7 мың £ жиылыпты. Бұл жалғыз біздің ғана бастамамыз емес. Бүкіл Британия бойынша босқындарға азық-түліктер мен жылы киімдер жиналуда» дейді той иесі Мона Доул.

ҚЫРҒЫЗСТАН ИСЛАМДЫ ҚАРАЛАЙТЫН СӨЗДЕРГЕ ТЫЙЫМ САЛУЫ МҰМКІН

«Элдик демилге» қоғамдық қоры «Қырғызстанның ішкі және сыртқы қауіпсіздігі» тақырыбында дөңгелек үстел отырысын өткізіп, ел басшылығы мен жалпы қоғамға БАҚ құралдары арқылы ислам дініне тән сөздер мен терроризмді теңестіріп қолдануға тыйым салуға шақырды.

Осындай мәлімдемемен қор басшысы Жеңіс Молдокматов шығып, Қорғаныс кеңесінің кезектен тыс отырысын ұйымдастырып, тәкпіршілдік идеологиясы мен жастарды радикалдануының алдын алу

мақсатында идеялық бірізді жүйе құру туралы шешім қабылдау керектігін жеткізді.

Мәлімдеменің келесі тарауы ислам діні мен мұсылмандарды БАҚ саласында агрессиялық шабуылдардан

қорғауға арналған. БАҚ беттерінде «ислам террористері», «ислам фундаменталистері», «исламистер» терминдерін қолданбау да талап етілді. Өзге де ұсыныстар қатарында дәстүрлі дінді ұстанатын мұсылман жамағатына қысым мен қудалаушылық шараларын жүргізуге, сыртқы келбеті мен киім киістеріне қарап қоғамда кемсітушілікке жол бермеу мәселелері қамтылды.

АҚШ МҰСЫЛМАН СТУДЕНТТЕРІ ҮЙСІЗДЕРГЕ ТАМАҚ БЕРДІ

Нейпервил қаласындағы «әл-Фалақ» ислам орталығы академиясының студенттері Мұсылман ұйымымен бірлесе 500 адамға ыстық тамақ әзірледі.

Бұл адамдар – қаланың әр бұрышында, көпір астын, базар мен вокзал маңайын паналап жүрген тағдыр тәлкегіне ұшыраған жандар.

Маңызды бастамаға балабақшадан мектеп қабырғасына дейінгі ұл-қыздардың, оқытушы мұғалімдердің баршасы үн қосып, атсалысты.

ICN академиясының директоры Кашиф Фахруддин мұндай мәндегі шаралар жастардың адамгершілік, жанашырлық, мейірімділік қасиеттерін оятатынын айтты. «Жастарды аштық, кедейлік пен үйсіздік мәселелерімен жақынырақ таныстыру – бұл болашақта қайырымдылық пен бірліктің арқасында кез келген мәселелерді шешуіне сеп болады» дейді директор Әділ Фарид.

ДІНДЕ АҚЫРЕТ ПЕН ДҮНИЕ - ҮЗЕҢГІЛЕС

Адам өмірде өзінің оң-солын танып-білуі үшін тәлімгерге мұқтаж. Шыр етіп дүниеге келгеннен сәбиді бағып-қағатын, жақсы мен жаманды үйрететін – ата-анасы. Сосын табалдырығын аттап, ұстаздан тәлім алады. Оқу мен жазуды үйренеді, жалпы білім алады. Сөйтіп сауаты ашылған бала әрі қарай жоғары білім алып немесе кәсіп үйреніп, әйтеуір тағы да жаңа ұстаздың алдына барады. Осылайша, адам ғұмыр бойы үйренумен, кейін үйретумен өтеді екен. Мұғалім, оқытушы біздің дүниетанымыздың қалыптасуына, өмірлік ұстанымдардың орнығуына ықпал етеді. Әсіресе, бұл жағдай діни тәлім алуда ерекше байқалады. Ұстаз дін үйренуге келген шәкірттің дүниеге көзқарасын өзгертуі бек мүмкін. Сондықтан, шәкірт те өзінің діни тәлім алатын ұстазын таңдауда мұқият болғаны жөн. Ұстаздың мінез-құлқына, киім киісіне, сөйлеу мәнеріне, араласатын ортасына, оның шәкірттерінің кімдер екеніне ден қойып, зерделеуі керек. Сонымен қатар үйреніп жатқан діни білімдерге (аят, хадистер және т.б.) тар шеңберде емес, түрлі қырынан назар салып отырғаны абзал. Өйткені, ислам – әмбебап дін.

Мұсылман адам діни мен ділін, ақыреті мен осы дүниесін тең ұстап, бірге алып жүреді. Белгілі мәселеге қатысты бір түйір хадис немесе «шейхтың» пікірімен шектеліп қалмай, сол мәселеге немес хадиске қатысты мәзһаб ғалымдарының айтқан түсіндірмелерімен танысып, ой жүгіртеді. Жылдар бойы медресе қабырғасында білім алған және ұстаз алдында тәлім көрген дін ғалымдарының, имамдардың ойымен санасады. Олар жас балаға бір жақты кетіп қалмай, дүние мен ақыретті тең алып жүруге кеңес береді. Осы орайда, ақырет пен дүниені бірге алып жүруге қатысты айтылған Әнас ибн Мәликтен (р.а.) жеткен мына хадисті мысалға келтірейік: «Алла елшісінің (с.ғ.с.) жұбайының үйіне үш сопы келеді. Олар пайғамбардың (с.ғ.с.) қалай құлшылық қылатыны жайында сұрайды. Пайғамбардың (с.ғ.с.) күнделікті жасайтын құлшылығын естіген уақытта олар үшін бұл қарапайым әрі аз болып көрінеді. Сондықтан олар: «Ол – пайғамбар. Біз ондай бола алмаймыз. Алла оның өткен және келешек күнәларын кешірген» деп айтады. Кейін біреуі тұрып: «Мен түні бойы уақытымды намазбен өткіземін» дейді. Екіншісі: «Мен ғұмыр бойы ораза ұстаймын, ауызымды ашпаймын» деп уәде береді. Үшіншісі: «Ал мен ғұмыр бойы әйелге жақындамаймын, үйленбей өтемін» дейді.

Бұл хабар пайғамбарға да (с.ғ.с.) жетеді. Сонда Ол әлгі сопыларға келіп: «Аллаға ант етемін! Ақиқатында, мен Алладан сендерден аса қорқамын және сендерден аса тақуалық етемін. Бірақ, мен ораза ұстаймын және ауызымды ашамын. Намаз оқимын және демаламын, үйленемін. Ал енді кім менің жолымнан бас тартса, менен емес» деді» (Бұхари, Мұслим).

Әңгімеден түйетін пайдалы сабақ: «Дүние ақылдыға – жарық, ақылсызға – тамұқ». Мұсылман адам тек ақыретті ойлап, дүниеден баз кешіп кетпей, күннің белгілі уақытын бала-шаға, ағайын-туыс, жұмыс пен кәсіп деген

сияқты дүние тіршілігіне де арнап отыруы керек. Шаңырақ көтеру, отбасын асырау, адамдармен дұрыс қарым-қатынаста болу, кішіге – ізет, үлкендерге құрмет көрсету деген сияқты т.б. ізгі амалдарды іске асыруы қажет. Мұның барлығы – ислам. Алла тағала былай деген: «Осылайша, сендерді орташа үмбет қылдық» (Бақара: 143). Ал пайғамбар (с.ғ.с.): «Менің үмбетімнің жақсысы – ортасын ұстағандарын» деп айтқан. Сондықтан, мұсылман адамның



**Әңгімеден түйетін пайдалы сабақ:
«Дүние ақылдыға – жарық, ақылсызға – тамұқ». Мұсылман адам тек ақыретті ойлап, дүниеден баз кешіп кетпей, күннің белгілі уақытын бала-шаға, ағайын-туыс, жұмыс пен кәсіп деген сияқты дүние тіршілігіне де арнап отыруы керек. Шаңырақ көтеру, отбасын асырау, адамдармен дұрыс қарым-қатынаста болу, кішіге – ізет, үлкендерге құрмет көрсету деген сияқты т.б. ізгі амалдарды іске асыруы қажет.**

ақыретімен бірге, дүние тіршілігін де ұмыспағаны мақұл.

Бір күні Омар ибн Хаттабтың (р.а.) үйіне кірген қызметші оның шалқасынан түсіп, үстінде балалардың ойнап жатқанын көреді. Бұл жағдай қызметшінің көңіліне ұнамай қалады. Мұны байқап қалған Омар:

– Сен өз бала-шағаңмен қалай қатынас қыласың? – деп сұрайды. Қызметші:

– Мен үйге кіргенімде сөйлеп отырған адамның ауызына құм құйылады – дейді. Мұны естіген Омар (р.а.):

– Сен қызметтен босадың! Өз отбасың мен бала-шағаңа қатыгез



болсаң, онда Мұхаммедтің үмбетіне қалай рақымды болмақсың? – дейді.

Осыған ұқсайтын мынадай да риуаят бар. Пайғамбар (с.ғ.с.) немерелері Хасан және Хусейнмен ойнап жатқанда бір бәдауи келеді. Сонда ол пайғамбардың (с.ғ.с.) балалармен бала болып ойнап жатқан бұл қылығына қайран қалады. Алланың елшісі (с.ғ.с.) оған: «Кім

күні – «есеп-қисап күні»; мәңгілік күн – «ақыреттік өмір». Осы аталған күндердің ішінде ең маңыздысы – ақыреттік өмір. Есеп-қисап күнінде таразының басы ауыр келуі үшін адам бұл өмірде жеке басының рахаты мен дүние қызығына бойымен батып кетпей, ақыретін ойлап, жақсылықты көп жасағаны дұрыс. Алла тағала біздің уақыттың қадірін біліп, ақыреттік өмірге азық жинауға шақырады: «Сендер кеш кіретін уақытта және таң ататын уақытта Алланы пәктеп, дәріптендер! Көктер мен жердегі барлық мақтау Аллаға лайық. Түн мен түскі уақыттарда (Оны дәріптендер)» (Рум: 17-18).

Пайғамбарға (с.ғ.с.) бір сахаба келіп:

– Уа, Алланың елшісі! Менің әйелім бар. Егер ол менің үйге қайғырып келгенімді көрсе, қасыма жақындап, шапанымның бір шетін жүзіне сүртеді де: «Егер сенің уайымың дүние үшін болса, оны Алла кетіреді. Ал егер қайғың ақыреттік болса, онда Алла оны күшейтсін» деп айтады, – дейді. Алланың елшісі (с.ғ.с.):

– Расында, сенің әйеліңе сол үшін шаһидтердің сауабы мен ризығы жазылады, – деп сүйіншілейді.

Жоғарыдағы аят-хадистерден байқағанымыздай, дінде дұрысы – ортаны ұстану. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Әрнәрсе сағат-сағатымен» деп айтқан. Қаласаңыз, діни біліммен бірге зайырлық білімін алыңыз немесе керісінше, жоғары білікті маман болсаңыз, онда діни сауатыңызды ашыңыз. Бастысы, бірінің біріне кесірі тимесін. Екі білім бірін-бірі толықтырсын. Бұл дүниеде абырой берсе, ақыретте ардақты қылсын. Сонда сіз екі қанатты құсқа ұқсайтын боласыз. Мұсылман адам келте ойламайды, қайта ойы – тұнық, көреген, парасатты, байсалды әрі көркем мінезді келеді.

Жалғас САДУАХАСҰЛЫ,
философия ғылымының
кандидаты, дінтанушы

ҮШ ҮГІТ

Бір құс байқаусызда тұзақшының құрған торына түсіп қалады. Құс тұзақшыға:

– Ей, мырза! Сен өміріңде қаншама сиыр мен қойды сойып жеген екенсің. Онымен қоса түйені құрбандыққа шалған кездерің де болыпты! Сен сол жануарлардың еттеріне де тоймадың. Енді кіп-кішкене болған менің етіме қалай тоймақсың?! Одан да мені босат, мен саған үш үгіт айтып берейін. Сонда менің ақылды яки ақымақ екенімді білесің.

Сол үш үгітімнің біреуін сенің қолыңда тұрғанда айтайын, екіншісін анау тұрған дуалдың үстінде айтайын. Үшіншісін ағаштың үстіне қонған кезде айтайын. Сен осы үш үгітке дән риза болып, рахметінді айтасың! Сенің қолыңда тұрғанда айтатын үгітім мынау:

Әрқашан аңдағайсың,
Орынсыз өтірікке нанбағайсың.
Ойланбай алдау сөзге сене көрме,
Тегінде шынның жолын қамдағайсың.
Бұл сөз тұзақшының көңіліне ұнады.
Құсқа жаны ашып ұшырып жіберді.
Құс ұшып барып дуалдың үстіне қонды.
Сол жерде екінші үгітін айтты:
Өткен іске өкінбе ыза болып.
Кеткен қайтып келмейді кейігенмен,

Құр жүдейсің ішіңе қайғы толып.
Одан кейін сөзін сабақтап:
Боламын неге тұтқын сендей шалға.
Бар еді он мысқылдай гауһар тасым,
Айрылдың соны ала алмай алдағанға.
Мұны алсаң әлем асқан бай болушы ең,
Ала алмай өкініште қалдың зарлап,
– деді.
Сонда тұзақшы қатты өкініп, ашу

шақырып, әрі-сәрі күй кешті. Мұны көрген құс:

– Мен саған ешқашан «өткен іске өкінуші болма!» деген едім ғой!? Қолдан кеткен інжуге неге қайғырып отырсың? Сөзімді түсінбедің-ау шамасы?! Әлде кереметің бе?

«Орынсыз өтірікке нанбағайсың.

Ойланбай алдау сөзге сене көрме» деген сөзімді де тыңдамадың!?» Сосын сөзін жалғастырып:

– Ай, ақымақ шалым-ай, менің өзім құртақандай ғана тіпті үш мысқылға татымайтын құс болсам, ішіме

он мысқыл гауһар тас қалай сияды?

Шал өз-өзіне келіп:

– Жарайды енді, үшінші үгітіңді айт!
– деді.

– Иә! Екі үгітімді тыңдамаған адам, үшінші үгітті тыңдап жарытады деп ойламаймын, – дейді де ұшып кетеді.

Түйін: Гапылдыққа түскен сауатсызға үгіт айту – құнарсыз топыраққа дән екенмен тең! Яки шөлге су құйғандай болады. Ақымақшылық пен надандықтың жыртықан нәрсесін, ешқандай нәрсемен жамай алмайсың! Ей, үгітші, ондай жерге хикметтің дәнін егуші болма!



ӨТІРІК ӨРГЕ БАСПАЙДЫ

Қазақта осындай даналы сөз бар. Ал ислам дінінде өтірік сөйлеу – күнә. Өтірік дегеніміз, шындықты жасырып айту немесе ақиқатты бұрмалап, шындыққа жанаспайтын мәлімет жеткізу.

Адамдарға өтірік айту – арсыздықтың белгісі. Өтірік адамның еңбегін күйдіріп, жоқ етегін қате амалдардың санатына жатады. Өтірікті – адамның ашық дұшпаны екенін Абай ағамыз былай айтып кеткен:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз...

Бұл өтіріктің залалы басқаларға өтіп, қоғамдағы әділдік пен тәртіпті бұзып, тұрақтылыққа сызат түсіруі мүмкін. Өтірік жүрген жерде адамның бір-біріне сенімсіздігі пайда болады да, береке кетеді. Сондықтан да асыл дініміз өтірік сөйлеуден сақ болуға шақырады.

Негізінде, өтірік сөз көп жағдайда мына әдістердің бірімен жасалады: бірінші әдіс – адам әңгімені ойдан құрастырып айтады; екінші әдіс – болған оқиғаны қосып, бояуын қоюлап, көркемдеп айту арқылы жасалады; үшінші әдіс – болған оқиғаның мазмұнын өзгертіп, қысқартып айту арқылы жасалмақ; төртінші әдіс – мәтінді бұрмалап, өзгертумен жүзеге асады.

Мәлик ибн Динар: «Жүректе шындық пен өтіріктің арасында тартыс жүреді. Екеуінің бірі жүрекке әмірші болғанша, ұрыс жалғаса бермек» деген. Сондықтан адам жүрегінде өтірік жеңіп, шындық жеңілсе, онда оның сөйлейтін сөздерінің барлығы – өтірік.

Ойдан шығарып айтылған әңгімені шариғатта «әл-ифтира» немесе «ихтиләк» деп атайды. «Әл-ифтира» сөзі жала жабу, ойдан құрастыру деген мағыналарды білдіреді. Ал «ихтиләк» сөзінің мағынасы – қолдан жасау, ойдан шығару. Егер адам болған оқиғаға жалғандық қосып, көркемдесе немесе мазмұнын өзгертіп, қысқартып айтса, оны исламда «мәйнун» деп таниды. «Мәйнун» сөзінің арабша мағынасы – өтірік айту.

Әдетте адам өтірік айтқан уақытта оқиғаның куәгері ретінде айтады немесе басқадан естуші, яғни, үшінші кейіпте сөйлейді. Бұл екі жағдайдың арасындағы қауіптісі – адам оқиғаның куәгері бола тұра, оны басқа біреуге баяндаған кезде

болмаған жағдайды қосып айтуы. Басқаша айтқанда, болмаған нәрсені болғандай, болған нәрсені болмағандай етіп айту – өтіріктің қауіптісі.

Уасилә ибн әл-Асқағ (р.а.): «Пайғамбар (с.ғ.с.): «Жалғаның көкесі – бөтен адамды әке деп айту немесе көз көрмегенді көрдім деу, яки болмаса, Алла елшісінің айтпаған нәрсесін айтты деп сөйлеу» деп айтты» деген хадис жеткізген. (Бұхари) Сонымен қатар, адамның өзіне болашақта тигізер пайдасын ойлап, жалған сөйлеуіне ислам тиым салады. Мұндай өтірік сөз оған келешекте пайдасын емес, кесірін тигізеді. Яғни, ол адам бұл дүниеде өзінің көздеген пайдасына жетуі ықтимал, бірақ, ақыретте сол үшін жауап бермек. Сондықтан, өтірік сөздің жақсысы жоқ. Өтірік сөз жақсы, орташа және жаман деген топтарға бөлінбейді. Әш-Шағби сарандық пен өтірік сөзге қатысты: «Тозақта екеуінің қайсысы төменде болатынын білмеймін, өтірік сөз бе, әлде, сарандық па?» деп айтқандай, оның жақсы-жаманы да жоқ.

Өтіріктің барлығы жаман. Тіпті, адам естіген кез келген нәрсесін айта берсе, ол да өтірікке жатады екен. Пайғамбар (с.ғ.с.):

«Пендеге естіген нәрсенің барлығын айта беру, өтірік үшін жетіп жатыр» дейді. (Мұслим)

Біздің тақырыпқа орай, мынадай риуаят еске оралып отыр. Абдулла ибн Амир (р.ғ.) былай дейді: «Бір күні үйімізде Алланың елшісі (с.ғ.с.) отырған кезде анам:

– Бері келе ғой, бірдене беремін, – деп мені шақырып алды. Мұны көрген Алланың елшісі (с.ғ.с.):

– Оған не бермекші едіңіз? – деп сұрады. Анам:

– Бір түйір құрма бермекші едім, – деді. Сонда Алланың елшісі (с.ғ.с.):

– Егер ештеңе бермегеніңде, саған бір өтірік жазылар еді, – деді» (Әбу Дәуіт).

Расында да, адам үшін қайырлысы – ылғи шындықты айту ережесін ұстануы. Себебі, өтірік айтқан кісіге адамдар арасында сенімсіздік пайда болады. Өтірікші адам үнемі өзінің өтірік сөйлегенін естен шығарып қояды. Егер ол мұндай әдетінен арылмаса, онда әрбір қас-қағым сәтте өзінің басына арсыздық қасіретін шақырғанмен тең.

Мұсағали ҚЫЗДАРБЕКОВ.